

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан  
(E-mail: lsapartayeva@bk.ru)*

## Кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесінің зерттелу деңгейі

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда қоғам эволюциясы үшін кәсіби тұлғаны қалыптастырудың маңызы ерекше. Мәселенің маңыздылығын көбінесе Батыс елдерінің ғалымдарын біріктіретін «Тұлғаны бағалау қоғамының» құрылуы, кәсіби тұлға Сауалнамасының әлемдік деңгейде қолданылуын айта аламыз. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру жаңа тұлғаның жеке-дара өсуіне кепілдік беретін кәсіби мамандарды даярлаудың интеграциялық құрылымын ұйымдастыруды қарастырады. Сондықтан осы сипаттамалық зерттеудің мақсаты кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесін зерттеу болып табылады. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру адамның жеке дамуы, кәсіби дамуы, үйлесімді қатынастары, үй, мәдени даму және салауатты өмір салтымен байланыстылығы дәйектелді. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру процесіндегі ынталандырудың рөлі, мәселе төңірегіндегі мұғалімдердің эмпатиясы, эмоционалдық және кәсіби тәжірибесі, туындауы мүмкін кәсіби дағдарыс талданды. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру аясындағы кәсіби іс-әрекетті зерттеуде жүйелі әдісті пайдаланудың тиімділігі анықталды. Мақалада кәсіби тұлғаны қалыптастыруды теориялық тұрғыдан түсінудің өзектілігі айқындалды. Мәселені айқындау үшін Web of Knowledge базасында индекстелген зерттеулер қолданылды. Мақала авторы кәсіби тұлғаны қалыптастыру мамандық таңдаған сәттен басталып, адамның бүкіл кәсіби өмірінде жалғасады деген қорытындыға келді.

**Түйін сөздер:** кәсіби тұлғаны қалыптастыру, білім, болашақ мұғалімдер, ынталандыру, эмпатия.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-142-1-243-255>

## Кіріспе

Соңғы жылдары мұғалімнің кәсіби рефлексиясы мәселесі педагогикалық теория саласынан тәжірибеге көшті. Білім беру стандарттары мектеп дидактикасын өзгертуге ықпал жасады. Оқушының ғана емес, мұғалімнің де субъектілік қасиеттерін ынталандыратын әдістер пайда болды. Сабақты өткізудің белсенді формалары, оқытудағы диалог және сабақтағы міндетті рефлексия мұғалімдерден педагогикалық процесті талдай білуді талап ете бастады. Әрбір білім саласы өзінің рефлексиялық құралдар жинағын жасайды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық іс-әрекеті – оқушының жас ерекшелігін, қабілетін, қызығушылығын ескере отырып, оның білім, білік, дағды саласына, дүниетанымына кешенді әсер етуді қалыптастырады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің санасында екі ұстаным біріктіріледі: көркемдік-шығармашылық және педагогикалық. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық тәжірибесінің өзіндік талдауы кейбір ерекшеліктерге ие [1]. Бұл тұрғыда кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесіне назар аударған жөн деп ойлаймыз

Қазіргі ахуалда тиісті кәсіби өзін-өзі анықтау функционалды тұрғыдағы сауатты, бейімделгіш мамандарды даярлаудың негізгі шарты болып табылады. Өмірлік өзін-өзі анықтаудың негізгі құрамдас бөліктеріне жатады: тұлғаның құндылықты өзін-өзі анықтауы (шәкірттердің өз ұстанымын таңдауы); нақты өмірлік жағдайларда өзін-өзі жүзеге асырудың мақсаттары мен құралдары; өмірдің нақты жағдайларында өз қабілетін іске асыра білудің мақсаттары мен құралдары; адамның ішкі еркіндігін табу мен танытудың негізгі тетігі. Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау процесінде, өмірлік өзін-өзі анықтау - бұл жеке, тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қажеттіліктерді үйлестіру арқылы кәсіби іс-әрекетке және оны жүзеге асыру жолындағы көзқарасының тұлғалық қалыптасу үрдісі екенін атап өткен жөн.

Өмірлік өзін-өзі анықтау жеке тұлғаны кәсібилендіру процесімен тығыз байланысты. Бұлардың қатарына кәсіби даму, кәсіби бірегейлік және кәсіби өзіндік сана жатады. Бір жағынан өзін-өзі анықтау кәсіби даму процесінде орын алса, екінші жағынан кәсіби тұлғаның қалыптасуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Кәсіби бірегейлік - өмірлік өзін-өзі анықтаудың ең маңызды нәтижесі. Кәсіби өзіндік сананы дамыту кәсіби маңызды құндылықтарды анықтау және бекіту процесінде студенттің белсенділігін ынталандырады [2].

Студенттердің университет ортасына сәтті бейімделуі оқу және кәсіптік қызметтің тиімді және кәсіби тұлғаны қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады [3]. Осы тұрғыда түрлі дағдылары бар студенттердің бейімделуі мен олардың бейімделу мүмкіндіктерін, студенттердің ауызша және вербальды емес белсенділігі мен жоғары білімге ұмтылу мүмкіндіктері арасындағы байланысты зерттеу маңызды.

Кәсіби тұлғаны қалыптастырудың маңыздылығын көптеген мысалдармен дәлелдеуімізге болады. Мәселен, 1936 жылы өткізілген бейресми семинарлар сериясынан кейін «Тұлғаны бағалау қоғамы» (Society for Personality Assessment) құрылды [4]. Қоғамның мақсатына кәсіби тұлғаны бағалауды ілгерілету, тұлғаны бағалаудың процедуралары мен тұжырымдамаларын әзірлеу және тұлғаны бағалау әдіснамасын этикалық және жауапкершілікпен пайдалануға жәрдемдесу жатады. Қоғам өзінің даму барысында және ғылыми прогреске байланысты төрт рет атауын өзгерткенін айта кетуіміз қажет. «Тұлғаны бағалау қоғамы» жыл сайынғы кеңестерін өткізумен шектеліп қана қоймай, «Journal of Personality Assessment» (журнал сайты: <https://www.tandfonline.com/journals/hjpa20>; Taylor & Francis баспасымен бірлесіп шығатын журнал бірнеше базаларда индекстеледі, оның ішінде Scopus, Social Sciences Citation Index платформаларында жоғары квартильдерге ие) журналын шығарады.

Кәсіби тұлға мәселесінің педагогика және психология ғылымындағы маңыздылығын арнайы құрастырылған сауалнамадан да көруімізге болады [5]. Сауалнама жеке тұлғаны бағалаудағы айырмашылықтардың көпшілігін қамтитын «Үлкен бестік» тұлғалық айнымалыларын өлшейді: экстраверсия, невротизм, ойдың қатаңдығы, тәжірибеге немесе шарттылыққа ашықтық және ұқыптылық. Әрине, бұл терминдер «Үлкен бестіктің» сипаттамаларында әртүрлі, мәселен ойдың қатаңдығы жұмсақтыққа қарама-қарсы полюс ретінде қарастырылады. Сол сияқты тәжірибеге

ашықтық шарттылыққа қарама-қарсы полюс болып табылады [6].

Кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесінің көптеген ерекшеліктері ғылымда толық зерттелмеген. Дегенмен, кейбір зерттеулерде кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесінің кәсіби іс-әрекеттер, мұғалім мен оқушыларды ынталандыру, эмпатия мен эмоционалдық тәжірибемен байланысы бар екендігі байқалады. Осы себептерге байланысты зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі жоғары деп ойлаймыз.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеудің әдіснамалық негізін кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесіне қатысты зерттеушілердің ғылыми еңбектері мен негізгі қағидалары құрайды. Дәлелдерді дамыту үшін автор ғылыми қолданыстағы әдебиеттерді шолуға сүйенеді. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасау арқылы автор зерттеу мәселесінің ерекшеліктерін анықтайтын сипаттамалық әдісті қолданады. Мәтіндер негізінен сапалы контент-талдау арқылы сарапталады. Әдебиетті жан-жақты қарау арқылы кәсіби тұлғаны қалыптастырудың құрамдас бөліктерін және олардың басқа ұғымдармен байланысын түсінуге болады. Кәсіби тұлғаны қалыптастыруды ғылыми талдау үшін институтталған тәсіл қолданылды. Зерттеуде жүйелік талдау мен салыстырмалы әдіске де мән беріледі.

### **Зерттеу нәтижелері және талқылау**

Қазіргі уақыттағы жоғары білім Болон процесі идеяларын жүзеге асыруға, білім беруді ақпараттандыруға, қоғамдағы интеграциялық процестерге, бәсекелестіктің күшеюіне, жаһандануға байланысты үлкен өзгерістерді бастан кешіруде. Осыған байланысты жоғары оқу орындарындағы білім беру қызметі студенттерді оқуға ынталандыруды қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Студенттердің жоғары оқу орнының әлеуметтік-мәдени іс-әрекеті процесіне қатысуын қалыптастыруға көңіл бөлу жеке тұлғаның кәсіби дамуын жетілдіру және әлеуметтік құзыреттіліктерін арттыру қажеттілігінен туындап отыр. Әлеуметтік белсенділік тұлғаның объективті және субъективті факторларына байланысты өзін-өзі жүзеге асыру процесіндегі өзіндік әрекеттіліктің түрлерінде жүзеге асырылатын интегралды қасиеті ретінде қарастырылады. Студенттердің әлеуметтік белсенділігі түрткілерінің құрылымы кәсіби тұлғаны қалыптастырумен байланысты [7].

Жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі қазіргі өзгерістер болашақ мамандардың жеке және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жалпы және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды іздейді және құрады. Сондықтан бұл мәселені қарастыру барысында кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесін де зерделеуіміз қажет. Зерттелу деңгейін анықтау үшін субъектілік-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлы әдістемелік тәсілдерді пайдаланған жөн. Болашақ мұғалімдердің физиологиялық және кәсіби дамуы қоғамның әл-ауқатының негізін қалауда шешуші рөл атқарады. Қоғамда қалыптасқан кез келген ересектер мен балалардың мәселелерін шешу үшін

практикалық мамандардан пәнді терең білу, шығармашылық қабілеттерін пайдалану қажет. Болашақ мұғалімдердің қалыптасуы олардың бүкіл кәсіби іс-әрекетінде жалғасады. Жоғары оқу орнында маманның психологиялық-педагогикалық іс-әрекеті процесінде тұлғаның кәсіби дамуын қамтамасыз ететін кәсіби маңызды және тұлғалық қасиеттер қалыптасады [8].

А.В. Багаев [9, 13-16 бб.] кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесі бойынша өмірдің 6 саласын қарастыру арқылы мәселені айқындауға көмектеседі:

1. Жеке даму. Мақсатты тұжырымдау келесі шарттарды қанағаттандыру керек: 1) мақсаттар жеке, дербес сипатқа ие («менікі»); 2) позитивті, мағыналы сипатқа ие (қоғам үшін пайдалы); 3) мақсаттар өлшенеді және нақты; 4) икемділік қасиеті бар (түзетуге болады); 5) олар перспективалы, қызықты; 6) мақсаттар құндылықтарға сәйкес келеді; 7) өмір салаларында мақсаттардың тепе-теңдігі бар; 8) мақсаттардың шынайылығы (мерзімдері, көлемі); 9) күш-жігерді, әрекетті, бар ынтасын салуды және табандылықты талап етеді. Адамның өз өмірін реттеуі мыналарды қамтиды: нақты істерді, қолдан келетін міндеттерді орындау; үлгі-нұсқаулықтың болуы, эмоционалды қуаттану, сөйлеуді сүйемелдеу, тиімді жаттығулар мен тренингтер. Дамыған жағымды, жаңа әдеттер уақытты, тәртіпті қажет етеді. Ол үшін мұқият жоспар, өзіне сенім, жылдам және үнемі әрекет ету қажет.

2. Кәсіби даму. Жұмыста нәтижеге және табысқа жету үшін ең жақсы қабілеттеріңізге назар аудару қажет. Жақсы жұмыс істейтін дүниеге күш пен уақытты шоғырландыру өмір бойы ең жоғары нәтиже береді. Іс-әрекеттеріңізді жоспарлау үшін сандарды, орындалу мерзімдерін және нақты нәтижелерді жаза отырып, «жоспарланған нәтиженің көлемі» әдісін қолдануға болады. Күнделікті әдеттегі ахуал философиясы бізге шынымен маңызды дүниелер мен өзін-өзі дамытуға (көп уақытты «жұмыс», қоғамдық көлік, өзіне-өзі қызмет көрсету: ұйқы, тамақ, гигиена, әңгімелер және т.б. жұмсаймыз) берілетін күннің бірнеше сағатының құндылығын ашады. Соңдықтан бір күнді жоспарлағанда, уақыт бойынша белгіленген оқиғаларды нақты анықтау, маңызды істерге басымдық беру және ретін келтіру, өзіне-өзі қызмет көрсету және дем алуға уақыт қалдыру, жоспарға түзетулер енгізу және күннің нәтижелерін бағалау қажет.

3. Үйлесімді қатынастар. Адамның кәсіби тұлғасы қарым-қатынастармен үйлесімде болуы керек. Өмір сүру деңгейі осы қарым-қатынастардың сапасына, ұзақтығына, әсер ету дәрежесіне байланысты. Заттар мен процестер әлеміндегі секілді адамдардың қарым-қатынасында да мақсат, жоспар, іс-әрекет және нәтиже болуы керек. Қарым-қатынастың жалпы үлгілеріндегі қызмет пен әрекет отбасында да, кәсіби салада да пайдалы. Қарым-қатынастың нақты және түпкілікті мақсаттарын анықтау осы мақсаттарға жету жоспарын құруды анықтайды, тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді, қажетті ресурстар мен құралдарды айқындайды, міндеттерді орындау үшін шұғыл және жүйелі әрекеттерді белгілейді.

4. Үй. Тіршілік ету ортасы да «кәсіби, жеке» көзқарасты қажет етеді. Үйдің тазалығын, тәртібін, жайлылығын, эстетикасын сақтау кәсіби тұлғаның және оның

отбасының дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Үй – жұмыс пен демалыс, шығармашылық пен қарым-қатынас орны, тиімді дамудың қуатты құралы. Философиялық мағынада үй – біздің денеміздің өрістеуі (Э. Капптың орган проекциясы, В.С. Соловьевтің бірлігі) және ол қамқорлықпен күтуді қажет етеді. Басқа жағынан қарасақ, үй біздің дамуымызды сақтайтын «жайлы аймақтың» бір түрі. Стереотиптерді жеңу және өмір сүрудің жаңа деңгейіне өту үшін келесі тиімді әдістер бар: өмір салтын өзгерту, жаңа таныстық, курстар мен тренингтер, істер (шетел тілін үйрену, қарым-қатынас, музыка), жаңа ақпараттар, саяхаттар, киім-кешек, жиһаз. «Үй» тақырыбы өз кеңістігін және басқа адамдардың (туыстар, достар, қызметкерлер, клиенттер) кеңістігін үйлесімді ұйымдастыру дағдысын қалыптастыруды қамтиды. «Үйді» басқару (фирманы, елді, адамзатты басқару секілді) қызмет ету мен дамудың жалпы заңдылықтарына ие: мақсаттарды, жоспарларды белгілеу, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, нәтижеге жету үшін шұғыл және жүйелі әрекеттер.

5. Мәдени даму. Бұл сала кәсіби тұлғаның дамуын кеңейтуді және тереңдетуді көздейді. Дәл осы тұста адамның шығармашылық қабілеттерін жүзеге асырудың кең ауқымы бар (хоббилер, қызығушылықтар; қарым-қатынас, өнер, Интернет мүмкіндіктері, саяхат). Өз бетінше білім алу және жаңа дағдыларды игеру (мәдениет) – жеке, кәсіби және отбасылық (қарым-қатынас) салаларда тиімді өзгерістерді қалыптастырудың маңызды факторы. Мәдениет -жаңа қажеттіліктер, тілектер (арман), құндылықтар (мақсаттар, нәтижелер), энергия және жағымды эмоциялар генераторы. Мәдениет саласы «жайлы аймақтан» жоғары деңгейдегі және сапалы өмірге шығу үшін әлеуетті мүмкіндіктерге ие. Жаңа «Мен тұжырымдамасын» (мен бейнесі) қалыптастыру көбінесе мәдениеттің шығармашылық күштерінің арқасында жүреді.

6. Салауатты өмір салты. Адамның физикалық және эмоционалдық күйі - алға қойған мақсаттарды жүзеге асырудың және ұзақ, бақытты өмірдің кілті. Денсаулық күнделікті режимнен тұрады: тамақтану, демалу, ұйқы, дене шынықтыру-спорт, табиғатпен байланыс. Бұл саладағы кәсіби көзқарас ғылымға сүйенеді және мақсаттар мен жоспарларға қол жеткізуді көздейді. Үйлесімді эмоционалды жағдай аутогендік жаттығу, нейролингвистикалық бағдарламалау, өзін-өзі бағалау мен сенімділікті арттыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Тек жеке даму адамды дұрыс жолға бағыттай алады. Сонымен қатар, жеке даму адамның өз әлеуетін дамытуға септігін типізеді. Кәсіби даму - үнемі күш-жігерді, өзін-өзі жетілдіру мен дамытуға жеке ұмтылысты қажет ететін процесс. Жеке тұлғаның кәсіби дамуы қызметкерлерді бағалаудың маңызды өлшемдерінің бірі болып табылады. Сапалы білім ұстаздықты бастауға мүмкіндік береді, бірақ үнемі өз қабілеттерін жетілдіруге тырысатын педагогтар ғана құнды. Шын мәнінде, кәсіби тұрғыдан дамыған мұғалімді мектептің ресурсы деп атауға болады. Мұғалім мен студенттің үйлесімді қатынастары студенттің дамуы мен өзін-өзі дамытуы үшін қажетті жағдайлар жасалатын, сапалы және жемісті қарым-қатынастарының кепілі. Білім беруге ізгілендіруді енгізу оқу процесіндегі маңызды тұлғалық дамуды қамтиды, оның көмегімен студенттің қабілеттерін, оның даралығын және

қорытындысында білім беру мақсаттарының нәтижелеріне қол жеткізуге болады. Үй әлеуметтік топты қалыптастыратын және адамның ең алғашқы әлеуметтенуі жүретін орта. Үйде қалыптасқан құндылықтар кәсіби тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететіндігін ұмытпаған жөн. Қоғамда үйлесімділікке қол жеткізу үшін әр адамның мәдени дамуын құрметтеу маңызды. Мәдени даму, жалпы адамзат дамуының заңдылығы болғандықтан, мәдениеттің материалдық және рухани бөліктері өзгереді, соның нәтижесінде оның жаңа сапалы жағдайы, құрамы, құрылымы қалыптасады.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени ортадағы оқу процесінің ынталандырушылық мәселелері кәсіби тұлғаны қалыптастыруға әсер ететіні анық. Әсіресе, кәсіби тұлғаны қалыптастыру процесіндегі ынталандырушылық жетілдірулер мен өзгерістер динамикасы кәсіби құрамдастарға ықпал етеді [10]. Ынталандыру - бұл жеке мінез-құлық көріністерінің сипатын, іс-әрекеттің бағытын анықтайтын күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс. Ынталандыру мазмұнының маңызды элементі - түрткі. Түрткілер функционалды бірліктер ретінде мінез-құлықты ынталандыруды құрайды. Түрткілер жүйесі күрделі мазмұнға ие, білімге белсенді және динамикалық сипат береді, оның құрылымына кіреді және оның мағыналық ерекшеліктерін анықтайды. Сондықтан ынталандыруды зерттеген кезде оны түрткілер, қажеттіліктер, мүдделер, ынталандыру және құндылық бағдарлары сияқты маңызды элементтерден тұратын күрделі жүйе ретінде қарастырған жөн. Оқуға ынталандыру әлеуметтік қызметке кіретін ынталандырудың ерекше түрі ретінде анықталады. Ынталандырудың бұл түрі дамып келе жатқан тұлғаға тек бағытты ғана емес, тәрбиенің түрлі формаларын жүзеге асыру жолдарын табуға, эмоционалдық-еріктік саланы тартуға мүмкіндік береді.

Ынталандырудың негізгі теорияларын екі салаға бөлуге болады [11]: ынталандыруды құрылымдық ұстанымдар негізінде қарастыратын мазмұндық теориялар; ынталандыруды динамикалық құрылым ретінде қарастыратын процестік теориялар. Бұл бағыттарды білім түрткісіне қатысты ынталандыруды екінші дәрежелі деп түсіну біріктіреді. Әрекетке «дайындық» түсінігі жеке тұлғаның белсенді және тиімді күйі, мінез-құлықты анықтауға қатынасы, тапсырманы орындау үшін күштерді жұмылдыру ретінде қарастырылады. Сондықтан белгілі бір қызмет түріне ынталандыруды құратын түрткілердің жиынтығы студенттердің жеке ерекшеліктеріне айқын тәуелділікті көрсетеді. Бұл тұста студенттердің кәсіби тұлғасын қалыптастыру мәселесі бойынша білім беру нәтижелері келесі факторлармен анықталады:

- студенттердің әлеуметтік-мәдени даму деңгейі;
- әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде ұғымдар мен түсініктер деңгейіндегі кәсіби білімді меңгеру дәрежесі;
- студенттердің коммуникативті белсенділік деңгейін анықтайтын кәсіби терминология мен негізгі тілдік құрылымдарды зерттеу процесінің ынталандырушылық негізі.

Кәсіби тұлғаны қалыптастыру және кәсіби іс-әрекетті зерттеуде жүйелі әдісті пайдаланған тиімді [12]. Бұл әдісті қызметтің нақты түрлері үшін кәсіби тұлғаны

қалыптастырудың психологиялық іріктеу рәсімдері әдістемесінде пайдаланған жөн. Жүйелі әдіс кәсіби тұлғаны қалыптастыру шеңберіндегі жеке тұлғаның ерекшеліктерін және болашақ кәсіптік қызметтің ерекшеліктерін ескереді. Сонымен қатар, кәсіби тұлғаны қалыптастыруда генетикалық ерекшеліктер де болуы ықтимал. Сондықтан адамның іс-әрекетін психикалық және тұлғаның физикалық күйлерін өзін-өзі реттеу тетіктерін зерттеу, құрылымдық-динамикалық әрекетті құру әдісін негіздеу, ақпараттық стресске төтеп беру кәсіби тұлғаның қалыптасуына әсер етеді деуімізге негіз бар.

Мұғалімдердің эмпатиясы мен кәсіби тұлғалық ерекшеліктері арасындағы корреляция талданған еңбек те қызығушылық тудырып отыр. Ғалымдар мұғалім эмпатиясының басқа кәсіби тұлғалық сипаттамалармен байланысын дәйектейді [13]. Зерттеуде кешкі уақытта жұмыс істейтін мұғалімдер де, жұмыстан қол үзбеген мұғалімдер де ересек тұрғындар арасындағы эмпатияның жоғары деңгейін көрсеткен. Әйелдер ерлерге қарағанда айтарлықтай жоғары балл жинады және айырмашылықтар олардың өзара әрекеттестігіне емес, мансап деңгейі мен оқытушылық мамандандыруға байланысты анықталды. Эмпатия коэффициенті әлеуметтік құзыреттіліктермен, оның ішінде өзгелерге сезімталдық және көпшілікпен байланыс орната алуымен айқындалды. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, авторлар педагогикалық білімге эмпатия тренингтері мен әлеуметтік дағдыларды енгізу қажеттілігі туралы қорытынды жасайды.

Мұғалімдердің жұмысқа кіріскенге дейінгі эмоционалдық тәжірибесі мен кәсіби тәжірибе кезіндегі таным арасындағы байланыс кәсіби тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді [14]. Осы уақытқа дейін мұғалімдерді даярлау бағдарламаларынан жұмысқа кіріскенге дейінгі эмоционалды тәжірибелері зерттеулерде жеткілікті талқыланбаған. Дәстүрлі рационализм таным мен эмоцияны бөлек қарастыратындығын білеміз. Аталмыш зерттеуде Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясы негізіндегі эмоциялар және мұғалімдердің кәсіби тәжірибесі басталғанға дейінгі танымының табиғаты талданады. Әлеуметтік-мәдени теория эмоциялар әлеуметтік өзара әрекеттестіктен туындайды және мұғалімнің дамуында каталистикалық рөл атқарады деп есептейді. Жалпы кез келген жұмысын жаңа бастаған мұғалімнің эмоционалдық ахуалына әсер ететін негізгі факторларға олардың оқушылары мен бақылаушы мұғалімдер жатады. Сонымен қатар, мұғалімдердің жұмысқа кіріскенге дейінгі эмоционалдық танымы арасындағы диалектикалық қарым-қатынасы мұғалім ретіндегі кәсіби тұлғасының дамуына әсер етеді. Бұл процесс барысында жұмыс тәсілдерін жасау және басқалардың қолдауы болашақ мұғалімдердің тұжырымдамалық және эмоционалдық дамуында негізгі рөл атқарады. Сондықтан кәсіби тұлғаны қалыптастыру барысындағы эмоционалдық тәжірибені кәсіби өсу мен даму үшін ресурс ретінде пайдалануға болады.

Кәсіби тұлғаны қалыптастыру барысында тұлғаның кәсіби дағдарысы көрініс табатын тәуекелді кезеңдер де болатындығын ескергеніміз жөн [15]. Өйткені соңғы уақыттағы мұғалімнің қызметі білім беру жүйесін үздіксіз реформалау жағдайында жүзеге асырылуда. Жаңа енгізілімдерге үздіксіз бейімделу қажеттілігі оларға қарсы тұру әрекеттерімен және шиеленістің күшеюімен бірге жүреді. Бұл мұғалімнің

психологиялық жағдайындағы деструктивті тенденциялардың күшеюіне ықпал етеді және профессионализм процесімен бірге жүретін кәсіби дағдарыстардың ықтималдығын арттырады. Дағдарыстың конструктивті шешілуімен мұғалімнің кәсіби және тұлғалық әлеуетін байыту және кәсіби шеберліктің келесі кезеңіне өту орын алады. Дағдарыс жағдайының қолайсыз нәтижесі кәсіби тоқырау мен жеке құрылымсыздықты тудыруы мүмкін. Осы мәселелерді ескере отырып, кәсіби тұлғаны қалыптастыруға кедергі келтіретін кәсіби дағдарыстардың жүру ерекшеліктерін зерттеп, одан сәтті шығудың тетіктерін іздестіру маңызды.

### **Қорытынды**

Оқытудың заманауи тұжырымдамалары мен әдістерінде кәсіби қызметке дайын, қажетті коммуникативті дағдыларды меңгерген, өзін-өзі дамытуға және өздігінен білім алуға қабілетті болашақ кәсіби тұлғаны қалыптастыру саналады. Зерттеліп отырған мәселенің күрделілігі мен көп өлшемділігін ескере отырып, автор кәсіби тұлғаны қалыптастыру мәселесінің кейбір ерекшеліктерін ұсынды. Студенттердің кәсіби тұлғасын қалыптастыруды жан-жақты дамыту және оның нәтижелерін жақсарту үшін оқытудың жаңа әдістері мен құралдарын пайдалану қолайлы педагогикалық жағдай жасайды. Бұл оқытушылардың білім беру мәселелерін шешудің формалары мен әдістерін одан әрі дамыта отырып, оқытудың тиімді ете алатын жолдарын көрсетеді.

Кәсіби тұлғаны қалыптастыру және кәсіби қызметтің нақты түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу арқылы тұлғаның кәсіби маңызды психологиялық ерекшеліктеріне қойылатын талаптарды анықтауға болатындығы байқалады. Түрлі мамандықтардағы кәсіби тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық зерттеудің негізгі әдісіне аналитикалық профессиография жатады. Аналитикалық профессиография кадрлар дамуының заңдылықтарын, тетіктерін, жағдайлары мен факторларын және таңдалған өмірлік стратегияны жүзеге асыруды зерттеуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, кәсіби тұлғаны қалыптастыру процесі мамандық таңдаған сәттен басталып, адамның бүкіл кәсіби өмірінде жалғасады. Осы процесс барысында адам мен мамандық арасындағы қарым-қатынастың маңызды мәселелері ашылады. Бұл мәселені педагогика мен психологиядағы түрлі түрткілер шеңберіндегі ұстанымдардан байқауымызға болады. Қазіргі таңда ынталандыру психикалық құбылыс ретінде түрлі көзқарастар аясында түсіндіріледі. Кәсіби тұлғаны қалыптастыру құрылымында көптеген құрамдас бөліктер болуы ықтимал. Олардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде мамандыққа ынталандырушылық қатынас, тапсырманы сәтті шешу қажеттілігі мен қызметке қызығушылықты айтуымызға болады.



## Әдебиеттер тізімі

1. Bolshakova S.V. Pedagogical reflection in the professional fine arts teacher training // *Modern Journal of Language Teaching Methods*. – 2018. – Vol. 8, No. 7. – P. 172-175.
2. Kasimova R.S., Korneva I.G. Life self-determination of student teachers as a structural component of pedagogical professionalism // *4th International Forum on Teacher Education (IFTE)*. – Nicosia: FUTURE ACAD, 2018. – P. 693-698.
3. Krasnova E., Suroedova E., Mamchits N. Features of adaptation and adaptive capabilities of first-year students with different strategies for translating meanings // *8th Annual International Scientific and Practical Conference on Innovative Technologies in Science and Education (ITSE)*. – Les Ulis: E D P Sciences, 2020. – P. 180.
4. The Society for Personality Assessment // *American Psychologist*. – 1996. – Vol. 51, No. 9. – P. 975–976.
5. Kline P., Lapham S.L. The PPQ: A study of its ability to discriminate occupational groups and the validity of its scales // *Personality and Individual Differences*. – 1992. – Vol. 13. – No. 2. – P. 225–228.
6. Kline P., Lapham S.L. Personality and faculty in British universities // *Personality and Individual Differences*. – 1992. – Vol. 13. – No. 7. – P. 855-857.
7. Gutman E., Terentyeva I., Gaidamashko I., Fakhrutdinova A. Students involvement into social and cultural activity: Modeling and motivation // *ECORFAN Journal-Mexico*. - 2021. – Vol. 12. – No. 27. – P. 23-29.
8. Nagimzhanova K.M., Baimanova L., Magavin S.S., Adzhibayeva B.Z., Betkenova M.S. Basis of psychological and professional personality development of future educational psychologists // *Periodico Tche Quimica*. – 2019. – Vol. 16. – No. 33. – P. 351-368.
9. Багаев А.В. К вопросу о формировании профессиональной личности // *Вестник НГТУ им. Р.Е. Алексеева. Управление в социальных системах. Коммуникативные технологии*. – 2015. – № 4. – С. 12-22.
10. Aleshchanova I.V., Frolova N.A., Zheltukhina M.R. Evolution of motives in professional personality formation: Foreign language learning context // *International Conference on the Theory and Practice of Personality Formation in Modern Society (ICTPPFMS)*. – Paris: Atlantis PRESS, 2018. – P. 35-40.
11. Sergeeva M.G., Okhotnikov I.V., Panko J.V., Shvedov L.A., Kasymova D.M., Zolotova M.N. Technology of formation of students' motivational willingness for professional activity // *Revista Genero & Direito*. – 2019. – Vol. 8, No. 7. – P. 474-486.
12. Бодров В.А. Развитие системного подхода в исследованиях профессиональной деятельности // *Психологический журнал*. – 2007. – Т. 28. – № 3. – С. 23-28.

13. Sokolova L., Brozmanova E., Harvanova S., Zacharova Z.J., Lemesova M., Minarovicova K. Teachers' empathy: a cross-sectional study // *Ceskoslovenska Psychologie*. – 2019. – Vol. 63. – No. 1. – P. 13-25.
14. Yang H.Z. The nexus between pre-service teachers' emotional experience and cognition during professional experience // *Australian Educational Researcher*. – 2019. – Vol. 46. – No. 5. – P. 799-825.
15. Садовникова Н.О., Мирзаахмедов А.М. Актуальные смысловые состояния педагогов, переживающих профессиональный кризис личности // *Образование и наука*. – 2019. – Т. 21. – №. 2. – P. 113-131.

**L.E. Sapartayeva**

*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

### **The level of research into the formation of a professional personality**

**Abstract.** Today, the formation of a professional personality is especially important for the evolution of society. The importance of the issue can be explained by the creation of the "Society for Personality Assessment", which brings together scientists from Western countries, and the use of the Professional Personality Questionnaire at the global level. The formation of a professional personality provides for the organization of an integrative structure for the training of professionals, which guarantees the personal growth of a new personality. Therefore, the purpose of this descriptive study is to study the problem of the formation of a professional personality. The formation of a professional personality is associated with personal development, professional development, harmonious relationships, home, cultural development, and a health promotion. Analyzed the role of motivation in the process of forming a professional personality; the empathy of teachers on this issue; emotional and professional practice; and a possible professional crisis. Determined the effectiveness of using a systematic approach in the study of professional activity in the framework of the formation of a professional personality. The article reveals the relevance of theoretical understanding of the formation of a professional personality. An indexed study on the Web of Knowledge was used to identify the problem. The author of the article came to the conclusion that the formation of a professional personality begins with the choice of a profession and continues throughout a person's professional life.

**Keywords:** formation of a professional personality, education, future teachers, motivation, empathy.

**Л.Е. Сапартаева**

*Қызылординский университет имени КORKYт Ата, Қызылорда, Қазақстан*

### **Уровень изученности проблемы формирования профессиональной личности**

**Аннотация.** На сегодняшний день для эволюции общества особо важен формирование профессиональной личности. Важность вопроса можно объяснить созданием «Общества оценки личности», объединяющего ученых западных стран и использование Анкеты профессиональной личности на глобальном уровне. Формирование профессиональной личности предусматривает организацию интегративной структуры обучения профессионалов, который гарантируют персоналистический рост новой личности. Поэтому целью данного описательного исследования является изучение проблемы формирования профессиональной личности. Формирование профессиональной личности связано с личностным развитием, профессиональным развитием, гармоничными отношениями, домом, культурным развитием и здоровым образом жизни. Проанализирована роль мотивации в процессе формирования профессиональной личности, эмпатия педагогов по данной проблеме, эмоционально-профессиональная практика и возможный профессиональный кризис. Определена эффективность использования системного подхода в исследовании профессиональной деятельности в рамках формирования профессиональной личности. В статье выявлена актуальность теоретического осмысления формирования профессиональной личности. Для выявления проблемы использовалось индексированное исследование в базе Web of Knowledge. Автор статьи пришла к выводу, что формирование профессиональной личности начинается с выбора профессии и продолжается на протяжении всей профессиональной жизни человека.

**Ключевые слова:** формирование профессиональной личности, образование, будущие учителя, мотивация, эмпатия.

### **References**

1. Bolshakova S.V. Pedagogical reflection in the professional fine arts teacher training, *Modern Journal of Language Teaching Methods*. 2018. No.8(7). P. 172-175.
2. Kasimova R.S., Korneva I.G. Life self-determination of student teachers as a structural component of pedagogical professionalism, 4th International Forum on Teacher Education (IFTE), Nicosia: FUTURE ACAD, 2018. P. 693-698.
3. Krasnova E., Suroedova E., Mamchits N. Features of adaptation and adaptive capabilities of first-year students with different strategies for translating meanings, 8th Annual International Scientific and Practical Conference on

- Innovative Technologies in Science and Education (ITSE), Les Ulis: E D P Sciences, 2020. 18088.
4. The Society for Personality Assessment, *American Psychologist*, 1996. No. 51(9). P. 975–976.
  5. Kline P., Lapham S.L. The PPQ: A study of its ability to discriminate occupational groups and the validity of its scales, *Personality and Individual Differences*, 1996. No.13(2). P. 225–228.
  6. Kline P., Lapham S.L. Personality and faculty in British universities, *Personality and Individual Differences*, 1996. No.13(7). P. 855-857.
  7. Gutman E., Terentyeva I., Gaidamashko I., Fakhrutdinova A. Students involvement into social and cultural activity: Modeling and motivation, *ECORFAN Journal-Mexico*, 2021. No.12(27). P. 23-29.
  8. Nagimzhanova K.M., Baimanova L., Magavin S.S., Adzhibaeva B.Z., Betkenova M.S. Basis of psychological and professional personality development of future educational psychologists, *Periodico Tche Quimica*, 2019. No.16(33). P.351-368.
  9. Bagaev A.V. K voprosu o formirovanii professional'noj lichnosti [To the question of the formation of a professional personality], *Vestnik NGTU im. R.E. Alekseeva. Upravlenie v social'nyh sistemah. Kommunikativnye tehnologii* [Bulletin of NSTU n.a. R.E. Alekseev. Management in social systems. Communication technologies], 2015. P.4. P.12-22, [in Russian].
  10. Aleshchanova I.V., Frolova N.A., Zheltukhina M.R. Evolution of motives in professional personality formation: Foreign language learning context, *International Conference on the Theory and Practice of Personality Formation in Modern Society (ICTPPFMS) – Paris. Atlantis PRESS*, 2018. P. 35-40, [in Russian].
  11. Sergeeva M.G., Okhotnikov I.V., Panko J.V., Shvedov L.A., Kasymova D.M., Zolotova M.N. Technology of formation of students' motivational willingness for professional activity, *Revista Genero & Direito*, 2019. No.8(7). P. 474-486.
  12. Bodrov V.A. Razvitiye sistemnogo podkhoda v issledovaniyakh professionalnoy deyatel'nosti [The development of system approach in professional activity studies], *Psikhologicheskii Zhurnal* [Psychological Journal], 2018. No.28(3). P.23-28, [in Russian].
  13. Sokolova L., Brozmanova E., Harvanova S., Zacharova Z.J., Lemesova M., Minarovicova K. Teachers' empathy: a cross-sectional study, *Ceskoslovenska Psychologie*, 2019. No.63(1). P. 13-25.
  14. Yang H.Z. The nexus between pre-service teachers' emotional experience and cognition during the professional experience, *Australian Educational Researcher*, 2019. No. 46(5). P. 799-825.
  15. Sadovnikova N.O., Mirzaahmedov A.M. Aktual'nye smyslovye sostojaniya pedagogov, perezhivajushhih professional'nyj krizis lichnosti [Relevant concepts of a teacher's state when experiencing professional identity crisis], *Obrazovanie i nauka* [Education and Science], 2019. No.21(2). P.113-131, [in Russian].

**Автор туралы мәлімет:**

*Сапартаева Л.Е.* – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің педагогика және психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының докторанты, Қызылорда, Қазақстан.

*Sapartayeva L.E.* – Ph.D. student, Department of Psychological and Pedagogical Education and Teaching Methods, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan.